

» Қаламгер шығармашылығы туралы

Қазақстан Жазушылар одағының және Түркі әлемі жазушылар одағының мүшесі, әдебиеттанушы ғалым, жазушы, журналист Зылиха Жантасова оқырман қауымға «Сағыныш», «Жанымның жаз ғұмыры», «Тағдыр биі» секілді әңгімелер жинағымен жақсы таныс.



Талайлы оқиғалар, тағдырлы кейіпкерлер...

Кезінде классик жазушы Мархабат Байғұт «Зылиха – адам жанының, адамгершіліктің экологиясына арашашы болмаққа туылған талант сияқты. Жолың болсын, Зылиха!» деп ақ жол тілесе, әдебиетші Жадыра Оразалиева «З.Жантасова шығармалары бүгінгі күннің өзекті мәселелерін қамтиды. Сондай фонда постмодернистік кейіпкер трактокасын жасай отырып, жазушы шығармаларының денін ішкі монологқа құрады» деп бағалаған. Сондай-ақ, жазушының «Жанымның жаз ғұмыры» атты жинағын оқып шыққан Р.Кажияқбарова: «Қаламгер қаламынан өмірдің өзінен туындаған шығармалары оқырман қауымға таныс, лайықты бағасын да алып жүр. Қаламгер ақиқат өмірді жете зерделеп, нанымды өмір штрихтарын ұсынады. Жазушының әңгімелерінің ерекшелігі өмірдің өзіндегі қарапайым өрі терең. Уақыт жылдам өтіп жатқан зымыран заманда оқырманды толғандырады осы ширақ та жұмыр жанрға іш тарту да дұрыс сияқты. Қазіргі прозаның басты шарты қысқалық болса, қаламгер осы мүддеден шыққан» деген болатын.

Бүгінгі ақпарат заманында оқырманның қысқа шығармаларды оқуға ден қойғаны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда жазушы әңгімелері мен новеллалары қысқа да нұсқалығымен ерекшеленді. Жекелеген кейіпкерлер төңірегіндегі шағын оқиғалар оның бүкіл өмірін хабар беріп, авторлық сипаттама, баяндау, суреттеу, монолог, кейіпкер сөзімен толығып отырады.

Жазушының «Мейірім» әңгімесінде күшкентай Сағыныш аурушаң анасының тез жазылып кетуін тілеп:

«Құдай!

Жағдайыңыз қалай? Сізді ерекше мейірімді деп апам айтқан. Сіз апамды аурудан жазып беріңізші. Өлмесінші» деп Құдайға жазған хатын түнде анасының жастығының астына қойып жатады. Бірақ, ол таңертең әкесі мен бауыры Беріктің жоқтауынан оянып кетеді де: «Хатты неге ерте жазбадым? Көшігіп қалдым» деп ұзақ жылайды. Осылайша ерте жетім қалған Сағыныш пен Берік аналарынан айырылған соң ерте есейді.

Екі жетімекті нағашы әжелері бауырына басты. Сағыныштың бейнесін толықтыратын бір эпизод – қорадағы ауру қойға «Өлме дедім ғой саған, қара қой» деп қойды құшақтап жылап отыруы. Өзі анасынан ерте айрылған қыз өнді қозының жетім қалуын қаламайды. Автор қос мұңлықты параллель суреттеумен олардың жан жарасын көрсеткен.

жеткізіп беретін адам таппай сөмкесінде сақтайтын жетімектің тірлігінен көрінеді.

«Ол әлі іздеп жүр» әңгімесіне мүлде басқа оқиға арқау болған. Бір шаранаға зар болған Зәуре мен Асқарбек ұрыспай-таласпай ажырасқан соң, Зәуре жалғыздықтың зардабын тартады. Алты ай жұмыс іздеп жүріп, үйінің қасындағы перзентханаға өден жуушы болып орналасқанда өз баласынан бөзгендердің тағдырына куә болады. Алданып қалған бойжеткеннің баласын тастап, жалтақтап кетіп бара жатқанын көргенде: «Ей, Алла, адасқан мұңлығыңның күнөсін көшіре гөр» деп күбірледі.

Дерігерлер бес баласы бар Айжамалға дүниеге басы үлкен құбыжық келуі мүмкін деп жасанды түсік тастатты. Отадан кейін есі ауысқан Айжамал ертемен әр бөлмені шарлап, баласын іздеп жүрді.

«Босанған әйелдердің жанына барып:

Балаңды бере тұршы, көтерейін, жылатпаймын, – дейді жалынышты үнмен». Түнімен жастықты бала етіп тербетіп, күнімен баласын іздейтін Айжамал бір күні «толғақ келді, босанғалы жатырмын» деп қинала тіл қатса, екінші күні босандым деп көңілді жүрді. Бұл – аяғы ауыр ананың жадында сақталып қалған сөзім еді.

Келесі күні ол ауруханадан қашып кетеді. «Ота орнындағы жіпті де алмадық» деп дерігерлер шарқ ұрып іздеді. Ал, менің көз алдымда әр бөлменің есігін ұрлана ашып, баласын іздеп жүрген ана бейнесі сақталып кетеді. Ол әлі іздеп жүр» деп аяқталады әңгіме.

Жазушы шаранаға зар болған Гүлжан, баласын тастап кеткен жас қыз, бес балалы Айжамалдың тағдырымен ана болудың оңай еместігін көрсеткен. Артынан іздеп келгендерге «Ертең барам, сендерге әлди алып барамын» деп жүретін Айжамалдың санасында баласы қалып қойған. Өмірге адам әкелу оңай еместігін Айжамалдың есінен адасуынан-ақ аңғаруға болады.

Ал, «Жүрегі жарты адамдар...» әңгімесі көрмеген аңасын санасында сақтап, ғұмыр бойы ана махаббатына зар болған Жүрсіннің сана ағымына құрылған. Кейіпкер өзін «Есімім – Жүрсін. «Осы дүниеде көптің бірі болып жүре берсін», әлде «өкінішімнің айғағы болып жүре берсін» деді ме екен?» деп таныстырады. Ол анасын бірде ең сұлу жан болған деп таныстырса, енді бірде құр сүлдерін сүйретіп жүрген, енді бірде жылағаннан көз нұры ағып кеткен жан ретінде елестетеді.

қаламайды. Автор қос мұңлықты параллель суреттеумен олардың жан жарасын көрсеткен.

Оқиға араға ұзақ жылдар салып қайта жалғасады. Бұл кезде Берік созылмалы ауруға шалдығып ауруханада жатса, қарындасы Сағыныш түнде ауруханада ағасының қасында болып, күндіз жұмысына барып, көзі кіртііп, құр сүлдерін сүйретіп жүріп жатады. Жазушы екі эпизодқа екі жетімектің тұтас өмірін сыйғызған. Анадарынан айрылып, нағашы әжелерінің бауырында өскен олардың бүгінгі таңда арқа сүйер ешкімі де жоқ.

«Хаттағы көз жасы» осы әңгіменің заңды жалғасы тәрізді көрінеді. Себебі, екі әңгіменің кейіпкері де нағашы әжесінің бауырында өседі. Алғашқы әңгімеде ауруханада жатқан кейіпкер, бұл әңгімеде өмірден өтіп кеткен. Баласының қазасынан кейін қатты науқасқа ұшыраған ана созылмалы дерттен өмірден өткенде оның артында жалғыз қыз қалды. Әжесі Айманға ертегі емес, естелік айтып, ақылшым деп немересімен кеңесіп отырды.

«Сені туысқандарың іздеп келсе, жіберемін. Қайтем, туыс-туған керек» деп жүретін әжесі өмірден өткенде Айман жалғыз жанашырынан айырылып, боздап қалды. Әкемді танитын адам болса беремін деп жазған хаты иесін таппай, сөмкесінде жүріп тозды. Әжесі өмірден өтерде әкесінің аты-жөні мен ауылын атап кеткендіктен, ол сол ауылға көрмеген әкесін іздеп барды. Ауылдық Кеңестің ескі ғимаратына барып аты-жөнін айтқанда, іздеген адамының алты ай бұрын өмірден өтіп кеткенін естіді. Іздеушімін деп келген қыз жоқтаушы болғанын өзі де білмей қалды. Әкесі туралы алғаш және соңғы естіген сөзі: «Марқұм дүниеден жалғыз өтті ғой. Жалғыз. Жақсы адам еді. Бірақ, көп адасты, көп адасты».

Әңгімеде ажырасқан отбасылардың бар ауырпалығы олардың ортасындағы балаларының басына түсетіні «Ана, бәрінің әкесі бар, менде неге өке жоқ?» деген сөзі мен өмір бойы әкесін іздеп, оған жазған хатын

нан көз нұры ағып кеткен жан ретінде елестетеді.

«Ана, анашым! Мен сені бейкүнә, пәк жүрегіммен ақтап аламын. Тоғыз ай көтеріп, мына дүниеге әкелгенің үшін өзге күнәларыңнан ақтаймын. Бауырыңа басып, ақ сүт бердің. Бір күн болса да еміздің» деген жолдарға анасын аңсап өткен жанның сағынышы сыйып тұр. Ол шашы құдай ағарып кеткен жап-жас әйелді де өз анам деп қабылдап, «Ойнақтап жүріп от басқан аяғыңды өмір кесіп, қорғансыз жаның адамдарға емес, таяққа сүйенді ме?» деп ойлайды. Ол үшін бәрінен де қиыны мектепті бітірерде «Қайран біздің аналар, арды ойлаған» деген тақырыпқа шығарма жазу болды. «Ұлыған жүрегіммен кімді іздейтінімді түсіне ме мына жұрт?» деген сауалдың астарында бір Жүрсіннің емес, мыңдаған жетімектердің сауалы жатыр.

Жазушы әңгімелерінен бірінші көзге түсетін ерекшелік – қысқа жазу үлгісі. Қазіргі таңда өлем әдебиетінен орын алған мини-әңгімелердің талаптарын жазушы еркін меңгерген. Екі-үш беттік әңгімедегі бір-екі эпизодпен-ақ кейіпкер өмірінен терең хабар беріп, оның толық бейнесін жасай біледі. Екінші ерекшелік – лиризм мен психологизмді еркін меңгеруі болса, үшіншісі – постмодернистік ізденістерге баруы. Оқиғалары бірін-бірі толықтырып тұратын әңгімелерге бір кейіпкердің өмірі арқау болғандай әсер береді.

Филология ғылымдарының кандидаты, Түркістан өңірінің тумасы Зылиха Тұрарқызы бүгінде шәкірт тәрбиелеумен айналысады. Сонымен бірге «Мейірім мұнарасы» атты телехабар жүргізіп, журналистика саласына да үлес қосып келеді.

**Гүлжаһан ОРДА,
М.Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институтының
бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы.**